

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.
Ол бірақ қайтіп келіп ойнап – күлмес.
Мені мен, менікінің айырылғанын,
“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес.


Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы.
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.



Ашық тәрбие сағатының тақырыбы:



"Абайды оқы - таңырқа!"






- Абайдың шын аты Ибраһим болған. Абай деп әжесі Зере еркелетіп Қойған. Бала кезінде екі ананың арасында тел өскен Абайды жеңгелері Телғара деп еркелетіпті. Тіпті М. Өуезовтың өзі Абай туралы жазбақ болған романын ең алғаш "Телғара" деп атаған екен. Сол телғараның дана Абайға айналып, Ұлы ақын болу жолына көз салып көрелік.



Абайдың бар өмірі өзі туып өскен Шыңғыс болысы, қазіргі Абай ауданы, бұрынғы Семей облысында өтті. Ұлы ақын 1845 жылы әйгілі Қасқабұлақ басында, киіз үйде дүниеге келді. Әкесі Құнанбай бүкіл Тобықты елінің қаһарлы өміршісі, қатыгез, ал шешесі Ұлжан керісінше ағайын-туысқа қайырымды, мінезі жұмсақ, тілге бай адам болған. Міне, сәби шағынан-ақ Абай от пен судай екі ұдай, кереғар мінезді адамдар ортасында өмір кешті. Аяулы әжесі Зере мен анасы Ұлжанның жас бала қиялы мен санасының, мінез-құлқының қалыптасуына әсері мол болды. Ол екеуі айтқан ертегі, аңыз-әңгіме, күлдіргі, мысқыл, ел басынан өткен тарихи оқиғалар зерделі бала-Абайдың санасына біртіндеп сіңе берді. Осылайша, бала Абай өз халқының рухани ой қазынасына қанығып өсті.






Абай ауылда ескіше сауат ашып, Семейдегі Ахмет Ризаның медресесіне оқуға түседі. Алайда, әкесі Абайды билік ісіне араластырып, баулу үшін оқуын аяқтатпай, 14 жасында қайтарып алады. Абайдың медреседегі оқуы осымен аяқталады.



Әл-Фараби



Фирдоуси



Низами




Науаи

Абай Шығыстың классик ақындары Фирдоуси, Низами, Науаи, Әл-Фараби және т.б. Шығармаларын Қызыға оқыды. Оның шығыс классиктеріне деген ынтасының зор болғаны сонша, өлең жазуға деген алғашқы талпынысы соларға сиынудан басталды.



**Туған елінің, Шығыс пен
Батыстың рухани ой
қазыналарынан нәр алып, өз
халқын ғылым мен өнерге
жетелеуді армандаған Абай
Құнанбаев: “Жасымда ғылым
бар деп ескермедім” деген өлең
жазған.**



Ақынның айтпақ өсиеті




Ғылым-білімге неғұрлым
ертерек, бала кезден
ден қойсаңдар – кейін
өкінбейсіңдер



Балғын шақтарыңда оқыған
кітап, алған білім тасқа
басылғандай мәңгі-бақи
естеріңде қалмақ дегенді
меңзейді.



- Абай ақындық өнерге 40 жасынан асқанда кұлай беріліп, өмірінің соңына дейін созылған 20 жылдық әдеби қызметінде 8000 өлең жолы мен 46 нақыл сөзін жазып қалдырды. Ол нақыл сөздер “Абайдың қара сөздері” деп аталады.



Көңіл қойып тыңдағандарыңызға КӨП РАХМЕТ!

